Пайдаланушы нұсқаулығы

Xiaomi Mi Vacuum Cleaner Light
тік шаңсорғышы

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық

Бұл бұйым тек тұрмыста қолдануға арналған.
Қолданар алдында, осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз — ол сізге алдағы уақытта керек болып қалуы мүмкін.

- 8 жастан асқан балалар және іс-қимылы, сезу не ойлау қабілеті шектеулі жандар немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар бұл бұйымды әлдебіреудің бақылауымен немесе қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды алғаннан және ықтимал қатерлерді ұғынғаннан кейін қолдана алады. Балаларға аспаппен ойнауға рұқсат беруге болмайды. Балаларға құрылғыны үлкендердің қарауынсыз тазалауға және оған күтім жасау бойынша басқа да іс-әрекеттерді орындауға рұқсат беруге болмайды.
- Шаңсорғыш ойыншық емес. Балаларға осы бұйыммен ойнауға және оны қолдануға болмайды. Шаңсорғышты балалардың жанында қолданған кезде абай болу керек. Балаларға шаңсорғышты ата-ананың немесе қамқоршының қарауынсыз тазалауға және оған күтім жасау бойынша басқа да іс-әрекеттерді орындауға рұқсат етуге болмайды.
- Шаңсорғышты үй-жайлардағы құрғақ беттерді тазарту үшін ғана қолданыңыз. Бұл құрылғыны көшеде, ванна бөлмелерінде және хауыз айналасындағы аумақта орнатпаңыз, зарядтамаңыз және қолданбаңыз.
- Шаңсорғыштың ашасын немесе қандай да бір басқа бөлігін су қолмен ұстамаңыз.
- Өртену, жарылу немесе денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін, құрылғыны қолданар алдында литий-ионды аккумулятордың және зарядтау құрылғысының зақымдалмағанын тексеріп алыңыз. Аккумулятор немесе зарядтау құрылғысы зақымдалған болса, шаңсорғышты қолданбаңыз.
- Білікшелі турбо-қылшақ, кішкентай электр қылшақ, аккумулятор, құбыршек және шаңсорғыш электр тогын өткізетіндіктен, оларды суға және басқа сұйықтықтарға батыруға болмайды. Барлық бөлшекті тазалап болған соң, әбден кептіріңіз.
- Қозғалмалы бөлшектерден жарақат алмау үшін, білікшелі турбо-қылшақты және кішкентай электр қылшақты тазалау алдында шаңсорғышты сөндіріп қойыңыз. Шаңсорғышты қолданар алдында білікшелі турбо-қылшақтың, шаң жинайтын контейнердің және сүзгінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- Зарядтау құрылғысы зақымдалған болса, оны авторизацияланған сервис орталығында айырбастап алыңыз.
- Шаңсорғышты бензин, ағартқыштар, аммиак және құбыр тазартқыштар сияқты тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сондай-ақ су сияқты басқа сұйықтықтарды сорғызып алу үшін қолданбаңыз.
- Шаңсорғышты гипс-қатырма бөлшектерін, күлді (мысалы, камин күлін) және бықсып жатқан не жанып жатқан материалдарды (мысалы, көмірді, темекі тұқылдарын немесе сіріңкені) жинап алу үшін қолданбаңыз.
- Шаңсорғышты шыны, шегелер, бұрандалар не тиындар сияқты өткір және қатты заттарды жинап алу үшін қолданбаңыз, себебі олар бұйымды зақымдауы мүмкін.

- Шаңсорғыштың тесіктері мен қозғалмалы бөлшектеріне шаштың, киімнің, саусақтың және дененің басқа да бөліктерінің тиіп кетуіне жол бермеңіз. Сору тесігін, құбыршекті және басқа да керек-жарақты көзге және құлаққа жақындатпаңыз, сондай-ақ оларды ауызға апармаңыз.
- Шаңсорғыштың тесіктеріне ешқандай зат салмаңыз және қандай да бір тесігі жабық тұрса, шаңсорғышты қолданбаңыз. Ауа ағынын бөгеуі мүмкін шаң, мамық, шаш және басқа да қоқысты алып тастаңыз.
- Шаңсорғышты орындықтарға, үстелдерге және басқа да орнықсыз беттерге сүйемеңіз, оның салдарынан бұйым зақымдалуы немесе жарақатқа ұшыратуы мүмкін. Шаңсорғыш төңкерілгеннен немесе зақымдалғаннан кейін істен шықса, өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Шаңсорғышты өз бетіңізше бөлшектеуге тырыспаңыз.
- Бұйымды қоршаған ортаның 0 °C мен 35 °C аралығындағы температурасында зарядтау үшін тек түпнұсқа зарядтағыш құрылғыны қолданыңыз, әйтпесе аккумулятор зақымдалуы мүмкін.
- Шаңсорғышты қолданар алдында шаң жинайтын контейнер қақпағының, алдын ала тазалау сүзгісінің, циклондық блоктың және HEPA-сүзгінің дұрыс орнатылғанын тексеріп алыңыз.
- Шаңсорғыш ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, сондай-ақ техникалық қызмет көрсетуге немесе жөндеуге байланысты қандай да бір жұмысты орындау алдында, оны сөндіріп қойыңыз. Шаңсорғышты баспалдақта қолданған кезде аса сақ болыңыз.
- Өрт қауіпсіздігі туралы ескерту. Шаңсорғыш сүзгісіне қандай да бір хош иістендіргіштерді қоспаңыз. Олардың құрамында, көбінесе, шаңсорғыштың тұтануына себеп болуы мүмкін тез тұтанатын химиялық заттар болады.
- Құрылғыны от көзіне жақындатпаңыз, оның салдарынан жарылыс туындауы мүмкін.
- Құрылғыға тұщы не тұзды суды немесе басқа сұйықтықтарды тигізбеңіз, сондай-ақ оны осындай сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Бұл құрылғының аккумулятор батареясы ауыстыруға келмейді.
- Шаңсорғышты осы нұсқаулықтың нұсқауларына қатаң сәйкестікпен қолданыңыз. Пайдаланушылар шаңсорғышты дұрыс пайдаланбау салдарынан келген кез келген залал не зиян үшін өздері жауапты болады.

Бұйымның сипаты

Жылдамдығы жоғары қылшақсыз қозғалтқышпен жабдықталған Xiaomi Mi Vacuum Cleaner Light шаңсорғышы қатты сору және тиімділігі жоғары сүзу жүйесі сияқты функцияларымен ерекшеленеді.

- Жылдамдығы жоғары қылшақсыз қозғалтқыш: жылдам тазалау үшін қатты сорудың тұрақты өнімділігі.
- Қатты сору: бүкіл үйді толық тазалау үшін ұсақ және ірі бөлшектерді жылдам және өте тиімді сору.
- Өте тиімді сүзу: ұсақ болат тордан, мақта сүзгісінен және HEPA-сүзгіден құралған циклондық айыру жүйесі ірі шаңды ұсақ шаңнан бөліп, содан кейін қайта ластанудың алдын алу үшін оны ұстап алады.
- Жеңіл әрі әмбебап: ықшам әрі жеңіл шаңсорғыш бүкіл үйді оңай және тиімді түрде тазалап шығу үшін жеңіл металдан жасалған ұзартқыш құбыр, еденге арналған электр қылшақ, жайпақ саптама және ұзын саптама сияқты керек-жарақтармен жұмыс істейді.

Жеткізу жиынтығы

Атауы	Саны
Шаңсорғыш	1
Ұзартқыш құбыр	1
Еденге арналған электр қылшақ	1
Жайпақ саптама	1
Ұзын саптама	1
Пайдаланушы нұсқаулығы	1
Қабырғалық бекіткіш	1
Қуат көзі адаптері	1
Дюбель	2
Бұранда	2

Бұйымның қолданылу мақсаты

Бұл құрылғы әртүрлі беттердегі (кафельді, паркет еден, жұмсақ жиһаз, кілемдер және т.с.с.) шаң мен кірді жиып алуға арналған.

Құрылғының сұлбасы



① «Қосу/Сөнд.» түймесі
② «MAX» режимін қосу түймесі
③ «MAX» режимі жұмысының индикаторы
④ Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы
⑤ Шаң жинау бөлігі
⑥ Ұзартқыш құбырды блоктан босату түймесі
⑦ Ұзартқыш құбыр
⑧ Еденге арналған электр қылшақты блоктан босату түймесі
⑨ Еденге арналған қылшақ терезесі
⑩ Дөңгелектер
⑪ Роликті қылшақ
⑫ Тазалағыш жұмсақ қылшақ
⑬ Роликті қылшақ түймесі
⑭ Шаң жинау бөлігінің терезесі
⑮ Шаңсорғышты зарядтау ағытпасы
⑯ Сырғытпайтын тығыздағыш



① Қуат көзі адаптері
② Шаң жинау бөлігі
③ HEPA-сүзгі
④ Мақта сүзгі
⑤ Циклондық айырғыш
⑥ Циклондық айырғыш тұтқасы
⑦ Ұзын саптама
⑧ Жайпақ саптама
⑨ Қабырғалық бекіткіш

Орнату нұсқаулығы

Шаңсорғышты құрастыру

1. Ұзартқыш құбырды шаңсорғышқа, суретте көрсетілгендей, сырт еткізіп жалғаңыз.
2. Еденге арналған электр қылшақты, суретте көрсетілгендей, ұзартқыш құбырға сырт еткізіп жалғаңыз.

Керек-жарақты орнату

1. Ұзын саптама мен жайпақ саптаманы тікелей шаңсорғышқа немесе ұзартқыш құбырға жалғауға болады.
2. Ұзын саптаманы не жайпақ саптаманы, суретте көрсетілгендей, шаңсорғышқа не ұзартқыш құбырға тігінен сырт еткізіп жалғаңыз.

Ескертпе. Ұзын саптама есіктер, терезелер, баспалдақтар және бұрыштар сияқты тар саңылауларды шаңнан тазарту үшін қолайлы. Жайпақ саптама дивандардың орындықтарын, шкафтарды, сондай-ақ үстел немесе консоль бетін шаңнан тазарту үшін өте қолайлы.



Қабырғалық бекіткішті орнату

1. Қабырғада жер үстінен 99,8-101,8 см биіктікте диаметрі 6 мм болатын екі тесік бұрғылаңыз және екі тесік арасындағы қашықтықтың 56 мм құрайтынына көз жеткізіңіз, содан соң тесіктерге екі дюбель салыңыз.
2. Қабырғалық бекіткіштегі бұрандаларға арналған тесіктерді дюбельдермен біріктіріңіз, содан соң екі бұранданы (4 * 20 мм) қолданып, қабырғалық бекіткішті қабырғаға мықтап бекітіңіз.

Ескертпе. Қабырғалық бекіткішті қуат көзіне оңай қосу үшін, оны электр розеткасының жанына орнатқан жөн.



Нұсқаулық

- Қосу/сөндіру: ⏻ қосу/сөндіру түймесін шаңсорғыш әдепкі бойынша (стандартты режимде) жұмыс істей бастамайынша 1 секунд басып тұрыңыз. Шаңсорғышты күту режиміне ауыстыру үшін қосу/сөндіру түймесін қайта басыңыз. Шаңсорғышты сөндіру үшін түймені 5 секунд басып тұрыңыз.
- Режимдерді ауыстырып қосу: шаңсорғыш жұмыс істеп тұрғанда, турбо-режимге («MAX» деңгейі) ауысу үшін «MAX» режимін қосу түймесін басыңыз; осы кезде «MAX» индикаторы ақ түспен жанады. Стандартты режимге ауысу үшін сору деңгейі түймесін қайтадан басыңыз.
- Батареяның заряд деңгейінің индикаторы: батареяның заряд деңгейі жеткілікті болғанда индикатор ақ түспен, батареяның заряды төмен болғанда қызыл түспен жанады; мұндай режимде шаңсорғыш турбо-режимге қосыла алмайды. Батареяның заряды таусылған кезде, шаңсорғыш автоматты түрде сөнеді.

Құрылғыны зарядтау

1. Зарядтау алдында қуат көзі адаптерінің электр розеткасы шаңсорғышқа сенімді түрде қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Зарядтау кезінде батареяның заряд деңгейінің индикаторы жыпылықтайды. Аккумулятор толығымен зарядталған соң, батареяның заряды деңгейінің индикаторы өшеді.
3. Батареясы зарядталған шаңсорғышты зарядтауға қойсаңыз, батареяның заряд деңгейінің индикаторы жыпылықтай бастайды да, 20 минуттан кейін сөніп қалады.





Құрылғыны қолдану

- Шаңсорғышты қосыңыз. Құрылғы әдепкі бойынша (стандартты режимде) жұмыс істей бастайды. Жұмыс режимдерін қажеттілігіне қарай ауыстырып қосуға болады.
- Еденді еденге арналған қылшақпен тазалап, шаңын сорғызып алу үшін, шаңсорғышты тұтқасынан ұстап, оны ілгері-кейін сырғытып жүргізіңіз. Сонымен бірге ұзын не жайпақ саптаманы өз қажеттілігіңізге сай қолдануға болады.
- Шаңсорғыш жұмысын тоқтату үшін қосу/сөндіру түймесін қайтадан басыңыз.

Батареяның төмен заряды

- Батареяның заряд деңгейі төмен болғанда, заряд деңгейінің индикаторы қызыл түспен жыпылықтап, шаңсорғышты жақын арада зарядтау қажет екенін білдіреді.
- Батареяның заряды аз болғанда, құрылғы стандартты режимде жұмыс істейді, сондықтан оны турбо-режимге ауыстырып қосу мүмкін болмайды.
- Батарея зарядының деңгейі төмен болғанда, құрылғы автоматты түрде сөнеді.
- Құрылғыны уақытылы зарядтап тұрыңыз. Батарея ұзақ уақыт бойы қолданылмаса, істен шығуы мүмкін.

Ескертпелер

- Алғаш рет қолданар алдында шаңсорғышты толық зарядтау үшін қуат көзі адаптерін жалғау керек.
- Зарядтау кезінде шаңсорғышты қолдануға болмайды.

Керек-жарақты сақтау

Керек-жарақ қолданылмайтын кезде, оларды қабырғалық бекіткіште сақтауға болады. Бекіткіш түймесін суретте көрсетілген бағытта ұстап тұрып, ұзын саптаманы не жайпақ саптаманы қабырғалық бекіткішке сырт еткенше салыңыз. Қабырғалық бекіткіштен керек-жарақты алу үшін, босату түймесін басып тұрып, оларды тігінен төмен қарай тартыңыз.



Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету

Ескертпе. Шаңсорғышты тазалау немесе оған техникалық қызмет көрсету алдында оны сөндіріп, желіден ажыратыңыз.

- Шаң жинау бөлігін әрдайым тазалап тұрыңыз, себебі ол бітеліп қалып, сору шамасына әсер етуі мүмкін.
- Шаңды еденге түсірмей алу үшін, шаң жинау бөлігін қоқыс бағының үстінде ұстап тұрып шығарыңыз.

Шаң жинау бөлігін шығарып алу және орнату

1. Шаңсорғышпен тазалап болғаннан кейін немесе шаң жинау бөлігі толып қалған кезде ұзартқыш құбырды тартып шығарыңыз да, шаң жинау бөлігін суретте көрсетілген бағытқа қарай бұраңыз. «○» таңбасы блоктан босататын «🔓» таңбасына дәл келгенде, шаң жинау бөлігін шаңсорғыштан шығарып алуға болады.



2. HEPA-сүзгіні шаң жинау бөлігінен суретте көрсетілгендей шығарып алыңыз да, оның үстіндегі шаңды сүртіп алыңыз.

3. Циклондық айырғышты шаң жинайтын контейнерден шығарып алу үшін, қоқыс бағының үстіндегі циклондық айырғыш тұтқасын суретте көрсетілгендей аударыңыз. Шаң жинайтын контейнерді босатып, циклондық айырғыштың бетіндегі шаңды сүртіп алыңыз.

4. Тазалап болғаннан кейін, циклондық айырғыш пен HEPA-сүзгіні қайтадан шаң жинау бөлігіне салып қойыңыз. «🔓» блоктан босату таңбасын «○» таңбасына дәлдеңіз, содан кейін шаң жинау бөлігін «○» таңбасы «🔒» блоктау таңбасына сай келгенге дейін суретте көрсетілген бағытқа бұраңыз. Сырт еткен соң, шаң жинау бөлігі шаңсорғышқа мықтап орнатылады.



Циклондық айырғышты орнату

Циклондық айырғышты шаң жинайтын контейнерге тірелгенше салыңыз.



Шаң жинайтын контейнерді және сүзгіні бірге тазалау

Шаң жинайтын контейнерден HEPA-сүзгіні, мақта сүзгісін және циклондық айырғышты рет-ретімен шығарып алыңыз. Олардың бетін шаңнан тазалап, содан соң таза сумен шайыңыз. Қолданар алдында, олар жақсы желдетілетін, күн сәулесі тікелей түспейтін жерде әбден кептірілгенін тексеріңіз. Қажет болса, сүзгіні дәл сондай үлгідегі HEPA-сүзгіге ауыстыра аласыз.

Роликті қылшақты тазалау

1. Роликті қылшақ түймесін суретте көрсетілгендей басып, роликті қылшақ қақпағын ашыңыз да, роликті қылшақты тартып, оны тазалаңыз. Тазалап болғаннан кейін, роликті қылшақты орнына қайтарып, қақпақты сырт еткенше жабыңыз.

2. Роликті қылшаққа ілініп қалған шаштар мен талшықтарды кесіп алып тастаңыз.



- Шаңсорғышты құрғақ матамен тазалаңыз. Бензин, спирт немесе лак сұйылтқышы сияқты химиялық еріткіштерді қолданбаңыз, себебі олар корпустың шытынауына не түсінің оңып кетуіне себеп болуы мүмкін.
- Шаңсорғышты тазалау немесе оған техникалық қызмет көрсету алдында, оның сөндірілгенін тексеріп алыңыз.
- Шаң жинау бөлігі толып кетсе, оны дереу тазалаңыз. Әйтпесе, ол кірмен бітеліп қалып, сору өнімділігі төмендеп, қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін.
- HEPA-сүзгіні 2-3 ай сайын басқасына ауыстырып тұрған жөн. Құрылғыны тұрақты түрде қолданған жағдайда, сүзгіні жиірек ауыстырып тұру керек.

Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнату немесе тұрақты түрде бекіту амалын қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C мен 40 °C аралығындағы ауа температурасында және салыстырмалы ауа ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жағдайда қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануға себеп болатын агрессивті қоспалар (қышқыл, сілті булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы ұқыпты қолдануды, шаң, кір, соққылар, ылғал, от және тағы басқаның әсерінен қорғауды талап етеді.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оны күнделікті тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес ары қарай қайта өңделуі және кәдеге жаратылуы үшін, электр әрі электрондық құрал-жабдықты қабылдайтын тиісті орындарға кәдеге жаратуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарата отырып, табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және дұрыс қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келуі ықтимал зиянның алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орны туралы толық ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты тиеп әкететін кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Ақауларды жою

Ақау	Ықтимал себебі	Шешімі
Шаңсорғыш жұмыс істемей тұр	1. Батареяның заряд деңгейі төмен	1. Шаңсорғышты зарядтаңыз.
	2. Шаңсорғыш ұзақ жұмыс істегенде, қызып кетеді.	2. Шаңсорғышты суытып, қайтадан қолданыңыз.
	3. Шаңсорғыш қосылмаған.	3. Шаңсорғышты қосыңыз.
	4. Ауа өткізгіш сегіз секунд бойы бітеліп тұрса, қозғалтқыш қызып кетуден қорғау үшін өз жұмысын тоқтатады.	4. Ауа өткізгіштегі, еденге арналған электр қылшақтағы, ұзартқыш өзектегі немесе шаң жинау бөлігіндегі бөгде заттарды алып тастаңыз.
	5. Қозғалтқыш немесе аккумулятор зақымдалған.	5. Сатылған тауарға қызмет көрсету бөлімінің көмегіне жүгініңіз.
Сору деңгейі төмендеп бара жатыр.	1. Шаң жинау бөлігі толып қалған.	1. Шаң жинау бөлігін тазалаңыз.
	2. Еденге арналған электр қылшақты бөгде заттар бітеп тастаған.	2. Еденге арналған электр қылшақтағы бөгде заттарды алып тастаңыз.
	3. HEPA-сүзгі бітеліп қалған немесе тазалағаннан кейін толық кеппеген.	3. HEPA-сүзгіні тазалаңыз немесе жақсылап кептіріңіз.
Шу деңгейі өте жоғары.	1. Шаң жинау бөлігі толып қалған.	1. Шаң жинау бөлігін тазалаңыз.
	2. Ауа өткізгіш бітеліп қалған.	2. Ауа өткізгіштегі, еденге арналған электр қылшақтағы, ұзартқыш өзектегі немесе шаң жинау бөлігіндегі бөгде заттарды алып тастаңыз.
Еденге арналған электр қылшақ жұмыс барысында тоқтап қала береді.	1. Еденге арналған электр қылшақ бітеліп қалған.	1. Еденге арналған электр қылшақты бітеп тастаған заттардан тазалаңыз.
	2. Желіге қосылғаннан кейін еденге арналған электр қылшақ жұмыс істемейді.	2. Сатылған тауарға қызмет көрсету бөлімінің көмегіне жүгініңіз.
Шаңсорғыш зарядталмайды.	1. Қуат көзі адаптері мен электр розеткасы дұрыс жалғанбаған.	1. Қуат көзі адаптерін электр розеткасына сенімді түрде қосыңыз.
	2. Қуат көзі адаптері және шаңсорғышты зарядтау ағытпасы нашар жалғанған.	2. Қуат көзі адаптерін зарядтау ағытпасына сенімді түрде қосыңыз.
	3. Қуат көзі адаптері зақымдалған.	3. Сатылған тауарға қызмет көрсету бөлімінің көмегіне жүгініңіз.
Батареяның заряд деңгейінің индикаторы қызыл және ақ түспен кезекпе-кезек жыпылықтайды.	Қуат көзі адаптері шаңсорғышпен үйлесімді емес.	Шаңсорғышты зарядтау үшін тек бірге берілетін қуат көзі адаптерін қолданыңыз.

Ескертпе. Қолдану барысында қандай да бір мәселе туындаса, оны шешу үшін жоғарыдағы «Ақауларды жою» бөлімін қараңыз. Мәселе шешілмесе, шаңсорғышты қолдануды дереу доғарып, сатылған тауарға қызмет көрсету бөлімінің көмегіне жүгініңіз.

Техникалық сипаттамалар

Mi жеңіл шаңсорғышы			
Үлгісі	MJWXCQ03DY	Кіріс тогы	0,5 А
Шаң жинау бөлігінің сыйымдылығы	шамамен 0,5 л	Таза салмағы	шамамен 2,3 кг
Бұйымның өлшемдері	240 × 148 × 1132 мм	Шу деңгейі	≤79 дБ
Батарея сыйымдылығы	2500 мА·сағ.	Зарядтау уақыты	шамамен 5 сағ.
Жұмыс қуаты	220 Вт	Кіріс кернеуі	26,0 В ⎓
Батареяның қызмет ету мерзімі (еденге арналған электр қылшақсыз)	стандартты режимде 45 минут		
	турбо-режимде 13 минут		

Еденге арналған электр қылшақ			
Үлгісі	MJWXCQ03DY-DS		
Жұмыс қуаты	15 Вт	Жұмыс кернеуі	21,6 В ⎓

Қуат көзі адаптері			
	Белсенді күйдегі орташа ПӘК 84,6 %		
Кіріс ұясы	100-240 В~ 50/60 Гц 0,5 А	Жүктемесі төмен кездегі ПӘК (10 %)	71,43 %
Шығыс ұясы	26,0 В ⎓ 0,5 А 13,0 Вт	Жүктемесіз энергия тұтыну	0,10 Вт

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Дирма Тэкнолоджи Ко., Лтд.
Лунхуэй № 4-1 тас жолы, Малун ау. ком., Бэйцзяо, Шуньдэ ауд., Фошань қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.
Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Өндірушінің өкілетті тұлғасы: «Центр экспертных программ ВОК» дербес коммерциялық емес ұйымы.
Орналасқан жері: Ресей, 119618, Мәскеу қ., 50 лет Октября көш., 4-үй.
Қызмет жүргізу орнының мекенжайы: Ресей, 115419, Мәскеу қ., 2-ші Рощинский өтпе жолы, 8-үй, 4-корпус.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламенттерінің талаптарына сай келеді:
КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарындағы қауіпті заттардың қолданысын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сай келеді.

Өнімнің сыртқы түрі мен сипаттамалары сапаны жақсарту үшін алдын ала хабарламастан өзгертілуі мүмкін.
www.mi.com
СБ: Mi.

Тауардың шығарылған күні қаптамада көрсетілген.

v.2

Батареяны қолдану кезіндегі сақтық шаралар

- Шаңсорғыш күту режимінде тұр, сондықтан зарядтау барысында қолданыла алмайды.
- Құрылғымен бірге жеткізілетін қуат көзі адаптерін ғана қолданыңыз.
- Литий-ионды аккумуляторда қоршаған ортаға қауіп төндіретін химиялық заттар бар. Шаңсорғышты қолданбас бұрын, алдымен аккумуляторды шығарып алып, содан кейін ол пайдаланылатын елдегі не өңірдегі жергілікті заңдар мен ережелерге сай кәдеге жарату немесе қайта өңдеуге тапсыру керек.

Ескертпе. Батареяны шығарып алмай тұрып, шаңсорғышты сөндіру керек.

Батареяны қауіпсіз тәсілмен кәдеге жарату керек.

Батареяны кәдеге жарату

1. Қосу/Сөнд. түймесі мен түймелер қадасын алып тастау үшін минус бұрауышты қолданыңыз, содан соң құрал-сайманның көмегімен шаңсорғыштың қақпағын ашыңыз. Содан кейін бұрауыштың көмегімен төрт бұранданы бұрап шешіп алыңыз. Осыдан кейін мотордың тұтқасы мен қақпағынан тартып, батареяны бөліп алуға болады.



2. Батарея бөлігінің қорғағыш қақпағын алып тастаңыз, содан соң қақпақтағы төрт бұранданы бұрап шешіп алыңыз. Батарея мен PCB тақтасын біріктіретін қаңылтыр пластинаны қайшымен қиып алыңыз.

3. Жоғарғы кронштейнді алып тастағаннан кейін, батареяны төменгі кронштейннен шығарып алуға болады. Содан кейін батареяны жергілікті заңдар мен қаулыларға сай кәдеге жаратуға болады.